

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 7 қазандағы N 1014 қаулысын іске асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 27 қазандағы N 1088

Сырдария өзенінде "Көксарай" қарсы реттеуші су қоймасының құрылысын салу жөніндегі жобалау-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетіне 500 (бес жүз) мың АҚШ долларына сәйкес теңгелік баламда қаржы қаражатын бөлсін.

2. Бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі